

«Бекітемін»
МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай- балабақшасының
меңгерушісі: Кужакова М.С.



«Қаралды»
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қарғалы ауданын білім бөлімі»
ММ бөлімінің сарапшылар кеңесі



«Сиқырлы қылқалам»
Вариативтік компонент
«Балдырған» ересек тобы
2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші: Джумабекова А.К..

Қаралды:
әдіскер МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай-балабақшасы
Иралимова Б.К



Кіріспе.

Сиқырлы қылқалам- балалардың көркем қабілеттерін дамытуға ғана емес, сонымен қатар, сурет салу процесінде коммуникативтік дағдыларын да дамытуға мүмкіндік береді. Балалардың сурет салу барысында белгілі бір білім, білік, дағдыларын меңгеруі, балаға өз қабілетін анықтап, түсінуге қалыптастырады. Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуда балаларды өнер әлеміне баулу, эстетикалық талғамын, шығармашылық күзінеттілігі мен қиялдау қабілетін дамыту, жан құбылысын, сезімі мен ойын көркем түрде жеткізе білу талпынысын жетілдіру, сурет салудың барлық түрлеріндегі іскерліктерін жетілдіру көзделген. Балаларды жан-жақты дамытып, оқытуда сурет салудың дәстүрлі емес әдіс-тәсілдеріннің орны ерекше. Дәстүрлі емес әдіс- тәсілдердің басты ерекшелігі кез келген құралмен баланаң қалауымен жұмыстануға мүмкіндік мол. Балалар жұмыстарының нәтижесне көз жеткізу арқылы өзін-өзі бағалау мүмкіндігіне қол жеткізеді.

мақсаты:

- балалардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру, қиял, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын арттыру, адамгершілік сезімдерін дамыту;

міндеті:

- балалардың қиялын дамытуға, кез келген шығармашылық қызметке өз іскерліктерін жақындатуға, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілеттілігін арттыруға және көркем қызметке ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

- әр түрлі сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттері артады;
- сурет салудың дәстүрлі емес әдіс - тәсілдеріннің техникасын үйренеді;
- дәстүрден тыс әдістерді пайдалана отырып, балалардың шығармашылық тебіренісі, сурет салу шеберлігі артады.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: «Сықырлы қылқалам» (36 сағат)

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат	Күні
1	«Сықырлы қылқалам»	Балаларды карандаш, қылқалам, қағазды маңызымен таныстыру. Сурет салуға ынта-ықыласын, қызығушылығын тудыру. Қылқаламды дұрыс ұстап, палитраны пайдалана білуге, яғни қылқаламды бояуға батыру, қағаз бетіне сүйкей жағу тәсілдерін үйрету. Сызықтар мен сүйкей жағу ұғымдарын түсіндіру.	1	3.09.21
2	«Аквариумдағы балықтар»	Аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін білуге, бояуды дұрыс жағуға үйрету, композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту, бейнелеуді қағаз бетіне түсірудің түрлі техникасын пайдалануға машықтандыру. Саусақ моторикасын дамыту, іскерлікке, еңбек етуге тәрбиелеу.	1	10.09.21
3	«Көбелектің суретін саламыз» (Монотипия әдісі)	Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, бояу түстерінің мәнін түсіндіру. Көбелектің бейнесін қағазға монотипия әдісімен түсіруді үйрету. Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға және ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.	1	17.09.21
4	Өз бетінше сурет салу. Өзіне ұнаған жиһаз түрін бейнелеу	Балалардың жиһаздар және олардың түрлері туралы түсініктерін жетілдіру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	24.09.21
5	Поезд суретін салу	Ыдыстағы гуашь бояуына губканы малып, ақ қағазға бастыру арқылы поездың вагондарын салуды үйрету. Қылқаламды акварель бояуға малып алып, вагондардың астынан бір-біріне параллель екі сызық сызу арқылы поездың жолын салып, жолдың ортасына қылқаламмен тігінен таяқшалар жүргізу арқылы рельстерін бейнелеуге жетілдіру.	1	1.10.21
6	«Күзгі ағаш»	Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы бейнелеу арқылы балалардың білімдерін кеңейту. Балаларды дәстүрден тыс әдістер арқылы жұмыс жасай отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Күзгі табиғаттың әсемдігін сезіне білуге және оны қорғауға тәрбиелеу.	1	8.10.21

7	«Түрлі түсті жапырақтар»	Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамыту. Көркем ой құра білуге үйрету. Бейнелеу материалдарымен (бояу, субояқ, бояу қарындаштарымен) жұмыс істей білу, «мөр басу» техникасын қолдана білуге үйрету.	1	15.10.21
8	Күзгі көрініс	Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық тәрбиеге баулу.	1	22.10.21
9	Қуыршаққа арналған шарф	Күз мезгіліне сипаттама бере отырып, оның құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Түстерді ажырата отырып, ұзын қысқа сызықтарды салу және дәстүрден тыс әдістер арқылы жұмыс жасай отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту.	1	29.10.21
10	«Күз сыйы»	Балаларды күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктеріне байланысты көкөністермен таныстыру. Балаларға қияр мен қызанақты бастырма арқылы салуды үйрету. Көкөністер әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балаларды ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тіл байлықтарын дамыту.	1	5.11.21
11	«Ғажайып бояулар»	Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс – тәсілдері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын ояту, балалардың бойында шығармашылық ізденіске деген құштарлықты арттыру, өзіндік іс-әрекет жобасын құрауға мүмкіндік жасау.	1	12.11.21
12	«Жаңбырдың түсі қандай?»	«Қара түсті созу» әдісін көрсету. Бояуға қосылған су түсін өзгертеді. Түстің ауа райынан тәуелділігі туралы түсінік беру. Жуу әдісімен кез келген түспен жұмыс істеуге болатынын түсіндіру.	1	19.11.21
13	Торсықты әшекейлейміз	Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру, заттардың пішіні, олардың құрылымы, өрнек элементтерінің орналасуына көңіл бөлуді үйрету, сурет салудың дәстүрден тыс әдістері: дымқыл және құрған қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1	26.11.21
14	«Кесеге салынған ою-өрнектер»	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру. Бұл ыдыстарды тұрмыста тұтынатыны туралы балаларға түсінік беру. Кесені дәстүрден тыс жолдармен әшекейлеуді үйрету. Балалардың саусак	1	3.12.21

		икемдіктерін қалыптастыра отырып, 1 суретке деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамдарын бекіту.		
15	Балықтар	Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бояумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру, қылқаламмен ирек, түзу, ұзын, қысқа толқынды сызықтар сызуға дағдыландыру. Картоп бастырмасымен жұмыс жасай білуге үйрету. Ұқыпты, нәтижелі жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Бейнені қағаз бетіне орналастыра білуін және шығармашылық қабілеттерін дамыту.	1	10.12.21
16	«Бейнелеу өнерінде дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы балалардың қабілетін арттыру»	Балалардың Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімін арттыру. Рәміздерді білуге үйретуді жалғастыру, сөздік қорларын, ой-өрісін дамытып дұрыс сөйлеуге жаттықтыру. Өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу. Сурет салу арқылы балалардың эстетикалық сезімін, шығаршылық қиялын дамыту. Табиғатты аялай білуге, қамқор болуға тәрбиелеу.	1	24.12.21
17	«Шырша шамдарын жағамыз»	Ұшы бар таяқшамен сурет салу техникасымен жаттықтыру. Саусақпен салу техникасын қолданып, көркемдеп, салған суреттерін әшекелеу жұмыстарын жалғастыру.	1	31.12.21
18	«Ертегідегі құс»	Ертегідегі құс туралы мағлұмат беру, ертегідегі құстың дене құрылысымен таныстыра отырып, оны қағаз бетіне түсіру тәсілін дәстүрден тыс сурет салу әдісімен үйрету. Гуашпен жұмыс жасауды үйрету. Сурет салуға деген қызығушылығын туғызу, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	1	7.01.22
19	Аққала	Балаларға қағазды умаждап, сурет салу техникасымен таныстыру. Қағазды жақсылап алақан арасына салып, умаждап, оны бояуға малып, қағаз бетіне бастырып, бейне салуға үйрету. Саусақ қимылдарын жетілдіру.	1	14.01.22
20	Қыс көрінісі	Балалардың дәстүрден тыс суреттің әдіс-тәсілдерімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру арқылы қыс мезгілі туралы ұғымдарын бекіту. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер арқылы табиғат көрінісін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету.	1	21.01.22
21	«Қысқы орман»	Балаларға қысқаша қыс мезгілі жөнінде	1	28.01.22

		айтып өту. Тілдерін дамыту, қысқы табиғат ерекшеліктеріне қарап бояу түрлерін тандау; балалардың шығармашылығын дәстүрден тыс технологиялар арқылы дамыту.		
22	Шана	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезіну. Дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы, суретке қарап әртүрлі түстерді байқауға, олардың түсін ажырата білуін, алған әсерлерін сөзбен жеткізе білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Қысқы табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге тәрбиелеу.	1	4.02.22
23	«Менің қолғабым»	Мөрлеу техникаларымен жаттығу. Әшекейлеу қабілетін бекіту. Бейне үстіне тепе-тең сурет түсіру.	1	11.02.22
24	«Ғажайып бояулар»	Алақан мен сурет салу үшін гуашь бояуымен балаларды алақанымен сурет салуға үйрету. Алақандарына бояуды шағын ватман қағаз бетіне із қалдыру. Түстер туралы білімдерін молайту ұжымдық жұмысқа тәсілдіру жұмысын ұқыпты жасауға, тазалық сақтай біліуге тәрбиелеу.	1	18.02.22
25	«Гостақан»	Нықталау техникасын пайдалану, мөрлеу тәсілдерін жаттығу. Бейнені толықтыруды үйрету.	1	25.02.22
26	«Себеттегі таңқурай»	Балаларды бояумен сурет салу барысында саусақты матырып, таңба түсіру техникасын .балалардың қызығушылығын дәстүрден тыс суреттегі заттар арқылы дамыту. Түстерді тануға, атап айтуға білімдерін бекіту. Жабайы аңдардың тіршілігі, ерекшелігі туралы балалардың қызықты ойын қалыптастыру. Артикуляциялық және ұсақ қол моторикасын дамыту. Эмоционалдық мінездерін қалыптастыра отырып, үлкендермен және қатарластарымен араласу тілектерін ояту. Тәрбиешінің сөзін немесе толық сөйлемді қайталау арқылы тілдерін дамыту. Танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.	1	4.03.22
27	«Көңілді мысықайлар»	Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, арт-терапия әдісін қолдану арқылы бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту. Музыка қолдану арқылы балаларды ойын әрекетіне баулу.	1	11.03.22

		Дәстүрден тыс сурет салу әдісін қолдана отырып, сурет салуға үйрету. Қиялдарын, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларға көңілді күй сыйлау.		
28	«Әдемі гүлдер»	Сықпа бояулармен жұмыс жасау әдісімен таныстыру. Қарындашпен салынған сурет үстінен сықпа бояулармен жүргізу. Өз ойларынан гүлдер бейнесін жасау. Эстетикалық талғамдарын дамыту.	1	18.03.22
29	«Зымыран»	Балаларда зымыран, аспан әлемі жайлы түсінік қалыптастыру. Зымыран бейнесін, түслі-түсті геометриялық пішіндерден құралғанын түсіндіре отырып, қағаз бетіне ұқыпты таза бейнелеуді үйрету. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	1	25.03.22
30	«Құстың ұясы»	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Құстардың атауын, немен қоректенетінін және құстар туралы тақпақтар, жұмбақтар, мақал - мәтелдер, тыйым сөздер айту арқылы балалардың тілдерін дамыту. Құстарды қорғауға, ұясын бұзбауға тәрбиелеу. Дәстүрден тыс сурет салуға қызығыушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	01.04.22
31	«Көктемгі ағаш»	Балалардың көктемгі табиғат туралы түсініктерін кеңейту, көктемгі табиғат құбылыстарын, өлі табиғат пен тірі табиғат байланысын ұғындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Ағаштарға, өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.	1	8.04.22
32	«Дала құстары» «Құстар жем салғышқа ұшып келді»	Бірнеше бөліктен тұратын құс бейнесін, умаждалған қағаздан бейнелеп суретті, ұсақ бөліктерін фломастермен бейнелеуді үйрету. Сөздік қоры мен ұсақ қол моторикасын дамыту. Есте сақтау қабілетін жетілдіру. Дала құстарына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	15.04.22
33	«Қозы»	Қағаз бетін қараңғылауды, майлықпен сурет салуды (бұлт немесе күнді бейнелеуге) үйрету және құрғақ кистьпен сурет салу техникасымен таныстыру. Саусақпен сурет салу қабілетін бекіте отыру.	1	22.04.22
34	«Киіз үй»	Балаларға киіз үйдің жасалуы, қолданылуы туралы толық мағлұмат беру; Баланың жүрегін ұлттық сана- сезімге ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер	1	29.04.22

		жайлы білімін кеңейту; Балаларды халқымыздың салт - дәстүрін білуге, қадірлеуге тәрбиелеу.		
35	«Күн»	Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту. Күн шуақтарын түрлі түстерді сәйкестендіре жылдам салу.	1	6.05.22
36	«Жаңбыр өлең айтады» (Құмда сурет салу)	Балаларға шығармашылық белсенділікті таныта отырып, бала өзін ыңғайлы әрі қорғалған күйде сезініп табиғи ынталандыратын орта жасау, жүйке жүйесін тыныштандыру, өзіне деген сенімін арттыру.	1	13.05.22
Барлығы			36 сағат	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер. Астана-2009
- 2 «Зерек» бағдарламасы. Астана-2009
3. Шығармашылық дарындылықты дамыту бағдарламасы, Алматы «Рауан» 1997
4. Байжігітов. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. Атырау.. «Өнер» 2005
5. Қ. Әмірғазидің. Қазақтың бейнелеу өнері. Алматы., «Өнер»., 2000
6. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысын басқару мен жоспарлаудың виртуалды курсы, Астан-Қарағанда-2003. Юнита 1,2,3
7. Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілер, А.С. Шипанов Алматы ., «Мектеп»., 1986.
8. Ә. Төлебиев . «Сурет сала білесің бе ?» Алматы., «Өнер»., 1990
- 9, Көркем әдебиет хрестоматиясы.. Алматы кітап 2007
10. ҚР білім және ғылым министрлігі «мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы . «Ойнайық та, ойлайық» бағдарламасы.